

## ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІНІҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (4 критерий)

1-тапсырма (Берілген сурет бойынша өз ойын жазу)

Максималды балл: 20 балл

<b>1-Критерий: Ойын жеткізу деңгейі</b>	<b>Балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ сурет бойынша ойын еркін, жүйелі, айқын жеткізеді</li><li>▪ сөйлемдер логикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысқан</li><li>▪ ойы терең, мазмұнды, ойын өрбітуде жүйелілік сақталады</li></ul>	<b>5 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ сурет бойынша ойын жеткілікті деңгейде жеткізеді</li><li>▪ сөйлемдері логикалық жағынан бір-бірімен байланысқан</li><li>▪ ойын өрбітуде бірізділік сақталады</li></ul>	<b>4 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ сурет бойынша ойын жалпылама түрде жеткізеді</li><li>▪ сөйлемдер арасында логикалық байланыс бар</li><li>▪ ойын өрбітуде бірізділік жартылай сақталады</li></ul>	<b>3 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ сурет бойынша ойы айқын емес</li><li>▪ сөйлемдер логикалық жағынан бір-бірімен толық байланыспайды</li><li>▪ тақырыптан ауытқу байқалады</li></ul>	<b>2 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ сурет бойынша ойын толық жеткізе алмайды</li><li>▪ логикалық байланыс жоқ</li><li>▪ тақырыптан ауытқып кетеді</li><li>▪ ойын 1-2 сөйлеммен не сөз тіркесімен берген жағдайда</li></ul>	<b>1 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ мүлдем жауап жазбайды</li></ul>	<b>0 балл</b>

<b>2-Критерий: Сөздік қорды пайдалануы</b>	<b>Балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды жоғары деңгейде (50 сөзден жоғары) қолданады</li><li>▪ синонимдерді орынды қолданады</li><li>▪ қажетті сөздерді орынсыз қолданулар, жиі қайталаулар кездеспейді</li></ul>	<b>5 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды ортадан жоғары деңгейде (40-50 сөз) қолданады</li><li>▪ сөз баламаларын еркін қолданады</li><li>▪ кейбір өзге тілден енген (1-2) сөздерді қайталау кездеседі</li><li>▪ сөздерді мағынасына сәйкес жұмсайды</li></ul>	<b>4 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды орта деңгейде (30-40 сөз) қолданады</li><li>▪ сөз баламаларын қолданады</li><li>▪ кейбір өзге тілден енген сөздерді (3-5) орынсыз қолдану кездеседі</li></ul>	<b>3 балл</b>

<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды ортадан төмен деңгейде (20-30 сөз) қолданады</li> <li>▪ ойын жеткізуде сөз баламаларын қолданбайды</li> <li>▪ кейбір өзге тілден енген сөздерді қайталаулар мен орынсыз қолдану жиі кездеседі (6-9)</li> </ul>	<b>2 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ сөздік қоры жұтаң</li> <li>▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды төмен деңгейде қолданады</li> <li>▪ сөз баламалары жоқ, бір сөзді жиі қайталай береді</li> <li>▪ ойын жекелеген сөздер, сөз тіркестері арқылы ғана жеткізеді</li> </ul>	<b>1 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ мүлдем жауап жазбайды</li> </ul>	<b>0 балл</b>

<b>3-Критерий: Стили (тіл тазалығы, сөз қолдану мәдениеті, сөз дәлдігі, сөз анықтығы)</b>	<b>Балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ сөздер анық, дәл, дұрыс қолданылады</li> <li>▪ стильдік қателер 1-2 кездеседі</li> </ul>	<b>5 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ сөздер анық, дұрыс қолданылады</li> <li>▪ 2-3 стилдік қателер кездеседі</li> <li>▪ сөйлемдері бір-бірімен байланысты</li> </ul>	<b>4 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ сөздер анық емес дұрыс қолданылмайды</li> <li>▪ сөзді дұрыс таңдауда, 4-6 стильдік қате кездеседі</li> </ul>	<b>3 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ сөзді дұрыс таңдау, дәл жеткізу деңгейі төмен</li> <li>▪ 7-10 стильдік қате кездеседі</li> </ul>	<b>2 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ сөзді дұрыс таңдау, дәл жеткізу деңгейі өте төмен</li> <li>▪ 11-15 стильдік қате кездеседі</li> </ul>	<b>1 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ мүлдем жауап жазбайды</li> </ul>	<b>0 балл</b>

<b>4-Критерий: Грамматикалық сауаттылығы (орфографиялық, пунктуациялық)</b>	<b>Балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ грамматикалық құрылымды, тиісті сөздерді орынды қолданады</li> <li>▪ сөздерді дұрыс тіркестіре алады</li> <li>▪ күрделі құрылымдарды дұрыс құрастыра алады</li> <li>▪ грамматикалық қателер кездеспейді</li> </ul>	<b>5 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ грамматикалық құрылымды, тиісті сөздерді жеткілікті қолданады</li> <li>▪ сөздерді дұрыс тіркестіре алады</li> <li>▪ жай және құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыра алады</li> <li>▪ грамматикалық (1-3) қателер кездескенде</li> </ul>	<b>4 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ грамматикалық құрылымды, тиісті сөздерді қанағаттанарлық деңгейде дұрыс тіркестіре алады</li> <li>▪ жай сөйлемдерді дұрыс құрастыра алады</li> <li>▪ грамматикалық қателер (4-7) кездескенде</li> </ul>	<b>3 балл</b>

<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ грамматикалық құрылымды, тиісті сөздерді орынсыз қолданады</li> <li>▪ сөздерді дұрыс тіркестіре алмайды</li> <li>▪ жай сөйлемдерді құрастыруда қателіктер кездеседі</li> <li>▪ грамматикалық қателер (8-12 кездеседі)</li> </ul>	<b>2 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ қарапайым грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана алмайды</li> <li>▪ грамматикалық сауаты өте төмен, сөйлемдерді дұрыс құрастыра алмайды (13-15 немесе одан көп)</li> </ul>	<b>1 балл</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ мүлдем жауап жазбайды</li> </ul>	<b>0 балл</b>